

«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС –  
ҚЫЗМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ**

Шымкент қаласы, 2024 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы көрсеткіштер (кесте)
2. 2023 жылғы арыз-шағым, өтініштер статистикасы
3. Іс-шаралар, адалдық сағаттары және өзге де жұмыстар
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
5. Академиялық адалдық лигасының мониторингі
6. Комплаенс-мамандарының біліктілігін арттыру нәтижесі

### 1. ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШТЕР (САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ)

| жылы | Арыз – шағым өтініш саны | Тәртіптік жаза саны | Өткізілген іс-шаралар саны | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің саны | СЖТ жою бойынша ұсынымдар саны | Жойылған тәуекелдер/орын-далған ұсынымдар саны |
|------|--------------------------|---------------------|----------------------------|--|--------------------------------|--|
| 2023 | 29                       | 58                  | 57                         | 4                                      | 9                              | 2  |
| 2022 | 36                       | 121                 | 59                         | 10                                     | 19                             | 10   |

### 2. 2023 ЖЫЛЫ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРҒА, ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛГЕ ТҮСКЕН АРЫЗ – ШАҒЫМ, ӨТІНІШТЕР СТАТИСТИКАСЫ

| квартал  | Арыз – шағым, өтініштер саны | Оң шешімін тапқаны (татуласу, келісімге келу) | Тәртіптік жаза саны | Ескерту | Сөгіс | Қатаң сөгіс | Еңбек шартын тоқтату/оқудан шығару              |
|----------|------------------------------|---|---------------------|---------|-------|-------------|---|
| I        | 10                           | 4   | 9                   | 4       | 5     | -           | -   |
| II       | 13                           | 4   | 42                  | -       | 39    | -           | Оқудан шығару – 3<br>Еңбек шартын тоқтату – жоқ |
| III      | 4                            | 2   | -                   | -       | -     | -           | -   |
| IV       | 2                            | 2   | 7                   | 1       | 5     | -           | Еңбек шартын тоқтату – 1+ҚҚО-на хат             |
| 2023 жыл | 29                           | 12  | 58                  | 5       | 49    | -           | Еңбек шартын бұзу – 1                           |

2023 жылы түскен арыз-шағымдар, өтініштер мен хабарламалар саны 2022 жылмен салыстырғанда 20%-ке кеміп, 36-дан 29-ға төмендеген, тәртіптік жазалар саны 48% төмендеп, 121-ден 58-ге қысқарған.

Бірақ, арыз-шағымдар, өтініштер мен хабарламалар мазмұны өткен жылмен ұқсас қалпында қалған, яғни мазмұндары этика нормаларының бұзылуы, заңсыз сыйақы мен сыйлық талап ету, алу, беру, ұсыну фактілерінің орын алғанын растайды.

Есепте көрсетілген тәртіптік жазалардан бөлек, жыл көлемінде университеттің 8 қызметкері академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін өз еркімен жұмыстан босатылды, оның ішінде 1 – п.ғ.к., кафедра менгерушісі, 1 – орталық басшысы, 3 – аға оқытушы, 1 PhD және 1 – оқытушы, 1- маман.

### **3. ІС – ШАРАЛАР, АДАЛДЫҚ САҒАТТАРЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖҰМЫСТАР**

1. Емтихан сессиялары барысында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету үшін қажет мамандар мен студенттік өзін-өзі басқару ұйымының өкілдерін тарта отырып, Мониторингтік топ құрылды. Мониторингтік топтың бақылауы нәтижесінде 217 академиялық адалдық қағидасын бұзу фактілері тіркеліп, олардың барлығы бойынша акт толтырылып, емтихан нәтижелері жойылды.

2. Академиялық процесте қосымша балл жинау парағын алу үшін білім алушылар тарапынан 414 өтініш және медициналық анықтама ұсынылды. Университет басшылығының тапсырмасы негізінде конмплаенс-қызмет медициналық анықтамалардың түпнұсқалығын тексерді. Жалпы саны 414 анықтаманың 322 расталды, 92 расталған жоқ. Расталмаған анықтамалар туралы ақпарат Шымкент қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментіне ұсынылды.

3. Келіп түскен арыз-шағымдарғ сондай-ақ анықталған фактілер бойынша 4 қызметтік тексеру жүргізілді. Барлық қызметтік тексеру нәтижелері Әдеп бойынша кеңес мәжілісінде талқыланды. 2023 жылы Әдеп бойынша кеңестің 6 мәжілісі өтті.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл көлемінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Іс-шаралар «Адалдық сағаттары» «AntiParaCraft -2023» пікірсайыс турнирі, сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы театрландырылған қойылым, TedX кездесу және т.б. нысандарда өткізілді. Білім алушылар қатысуымен өткізілген іс-шаралар саны – 47, қызметкерлер және ПОҚ қатысуымен өткен іс-шара саны - 10.

### **4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі:** «М.Әуезов атындағы ОҚУ» КеАҚ-ның (бұдан әрі – Университет) Басқарма төрағасы – ректорының 14.11.2023 жылғы №219-нқ санды бұйрығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:** М.Әуезов атындағы ОҚУ тұрғын емес үй-жайларын жалға беру қатынастары, жауапты құрылым – Әкімшілік шаруашылық қызмет департаменті.

СЖТІТ - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 16.01.2023 жылғы № 21 санды бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың типтік қағидасы негізінде жүргізілді.

Университет жүзеге асыратын функциялар бағытын ескеріп, 2023 жылы комплаенс-қызмет тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беру мен жалға алу қызметіндегі тәуекелдердерге талдау жасалды.

Ішкі талдау жүргізілетін кезең: 2021 және 2022 күнтізбелік жылдар.

Университеттің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға берумен байланысты қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

1. Тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға берумен байланысты ішкі актілер нормаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы, тұрғын үйді жалға беру тәртібінің регламенттелмеуі.

2. Тұрғын емес үй-жайлар (асханалар мен буфеттерді) жалға беру кезінде конкурстық процедура талаптарының сақталмауы.

3. Тұрғын емес үй-жайларды жалға беруден түсетін қаржыны бақылаудың әлсіздігі.

4. Тұрғын емес үй-жайларды жалға беру процесіне қатысты бақылау механизмдерінің жеткіліксіздігі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсынымдар:**

1. Мемлекеттік мүлікті басқарудың заңдылық, есеп берушілік және бақылауда болу, жариялылық принциптерін ескеріп, университеттің ішкі актісіне шұғыл өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2. Оқу орнының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға алу, тұрғын үйді жалға беру қатынастарын регламенттеу;

3. Университеттегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға алу, жалға беру процесіне бақылау механизмін енгізу;

4. Университеттің тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жалға беруден түсетін қаржысын тиімді басқару, есептілігін қамтамасыз ету;

5. Жалға беру туралы келісім шарттар мазмұнын қайта қарау, өзгерістер енгізу, Заң бөлімі басшысының келісімін алуды міндеттеу;

6. Жалға беру, жалға алумен байланысты барлық комиссия құрамына Заң бөлімінің басшысын дауыс беру құқығымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісін дауыс беру құқығынсыз қатыстыру;

7. Тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің нарықтық құнын ескере отырып, жалға беру ақысын қайта қарау;

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кезеңі 2021 және 2022 жылдарды қамтығандықтан, тәуекелдің жоғары деңгейін ескеріп, тұрғын емес үй-жайларды жалға берудің ағымдағы кезеңіне тақырыптық мониторинг жүргізу.

#### **5. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЛИГАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ**

2023 жылдың 1 – 3 қараша аралығында Академиялық адалдық лигасы университеттің білім беру жүйесіне мониторинг жүргізді. Академиялық адалдық лигасы – бұл 2018 жылы құрылған Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірлестігі. «М.Әуезов атындағы ОҚУ» Ке АҚ 2022 жылы 13 сәуірден бастап Академиялық адалдық лигасының мүшесі ретінде қабылданды. Лиганың құрамындағы университеттерге қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың білім беру жүйесі Академиялық адалдық лигасының жоғары стандарттарына сәйкестігі болып табылады. Миссияның орындалуын, сондай-ақ негізгі қағидаттарды ілгерілетуді қамтамасыз ету үшін, Лига жоғары оқу орындарының стандарттарына сәйкестігін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 105 өлшемшарт бойынша мониторинг жүргізеді.

Мониторинг нәтижесі бойынша есеп және университет қызметін жақсартуға бағытталған ұсынымдар берілді.

#### **6. 2023 ЖЫЛЫ КОМПЛАЕНС – МАМАНДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ НӘТИЖЕСІ**

Комплаенс саласындағы жаңа трендтер мен дағдыларды ескере отырып, комплаенс қызметінің басшысы төмендегі 3 модуль бойынша біліктілігін арттырды :


- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жөніндегі маманы; (куәлік)
- Корпоративтік тәуекелдерді басқару жөніндегі маманы; (куәлік)
- Санкциялық тәуекелдерді басқару маманы; (куәлік)

Нәтижесінде 3 квалификациялық емтиханнан өтіп 3 куәлік және «Комплаенс – қызметінің басшысы» біліктілігін растайтын диплом иеленді.

#### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Есепте университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі көрсеткіштері (КТК) ұсынылды. Комплаенс – қызметі барлық кейстерді ескере отырып, 2024 жылы тәуекелдерге бағдарланып, жұмыс жасауды мақсат етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызмет жетекшісі



Г.Дулатова



«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ  
НАО «Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова»

Директорлар кеңесі / Совет директоров

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» ҚЕАҚ

**КӨШІРМЕ**

(Хаттама № 2)

05 наурыз 2024 жыл

Директорлар кеңесінің отырысы

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Директорлар кеңесінің төрағасы Ә.Ж.Тойбаев.

3. О рассмотрении Отчета о деятельности Антикоррупционной комплаенс-службы НАО «Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова» по итогам работы за 2023 год.

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

3.1. Принять к сведению Отчет о деятельности Антикоррупционной комплаенс-службы НАО «Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова» по итогам работы за 2023 год.

Корпоративтік хатшы



Ж.Ш. Кыдырова